



№19 (2734)
18/03/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



Биылғы Наурыз мерекесін теміржолшылар кең көлемде атап өтпек. Бүгін «Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешені аумағына бара қалсаңыз, алтықанат ақ шаңқан үйлер тігілген этно-ауылға тап боласыз. Мұнда ертең елордалық теміржолшы қауым наурыз думанына жиналады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Наурыз мейрамын 10 күн бойы атап өту туралы тұжырымдамасына сәйкес, әрбір күннің идеологиясы Компанияның Наурыз мерекесін тойлау шарасында көрініс тауып, қызметкерлердің барлық әлеуметтік топтары мен олардың отбасыларын қамту көзделген.

«Наурыз – көктем шуағы!» атты ұлттық салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптарды қамтитын байқау шеңберінде Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдары құда түсу, тұсау кесу, айтыс, бесікке салу, қыз ұзату, беташар қойылымдарын көрсетіп, ұлттық ойындар ойнатылып, мерекелік концертте әуезді ән мен күйден шашу шашылмақ.

Наурыз мейрамын бұқаралық тойлауға арналған алаңдар бірнеше бөлікке бөлінген. Мәселен, ұлттық асхана алаңында қонақтар дәмі тіл үйірір бауырсақ, палау, наурыз көжеден дәм татса, қолөнер алаңында теміржолшылар зергерлік бұйымдарды тамашалап, қолөнер шеберлік сабақтарына қатыса алады. Ал спорт алаңында теміржолшылар арқан тарту, асық ату, кір тасын көтеру, қол күресі сияқты ұлттық ойын сайыстарында күш таластырып, бақ сынауларына болады.

Сонымен қатар, бұл күні теміржолшылардың балаларына да өз өнерлерін ортаға салу мүмкіндігі тумақ. Яғни балғындар мен жасөспірімдер алаңында балалар ләңгі тебу, асық ату, дойбы ойнау секілді сайыстарға қатысып, сондай-ақ, қазақ халқының мәдениеті мен тарихы бойынша білімдерін таразыға салған викторина, аквагрим

аймағында түрлі әрлендіру шараларында бақ сынай алады. Ал көңіл сергіту алаңында жұртшылық Қыдыр атаны күтіп алып, ақ батасын алатын театрландырылған қойылымды, билер мен ән-күйлерден құралған мерекелік концертті тамашалай алады.

Этно-ауылда тігілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары мен филиалдарының киіз үйлерінің тақырыптық безендірілуі, ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптардың, киімдердің таныстырылымы және мерекелік дастарханның ұйымдастырылуы Кәсіподақ және ардагерлер кеңесі өкілдерінен құралған комиссия тарапынан бағаланбақ. Қысқасы, қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлері арқылы корпоративтік мәдениетті нығайтуға бағытталған шара өз қонақтарын күтеді...

Құрметті әріптестер!

Сіздерді ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Әз-Наурыз елімізге, әрбір шаңыраққа бірлік пен береке, ырыс-құт, бақыт пен қуаныш әкелсін!

Наурыз – қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жер-дүние жасарып, жаңаратын, көгеріп, көктейтін шақ. Табиғаттың осындай керемет кезеңі жұмыстарыңызға жаңа серпін берсін! Жол үстінде жүрген немесе орталықта және аймақтарда жолаушылар мен жүк тасымалының үздіксіз болуын қамтамасыз етіп отырған әріптестеріме тілейтінім – талмас талап, қажымас қайрат!

Түптеп келгенде, ұлттық санамызды жаңғыртып, жоғымызды түгендеп, барымызды бүтіндеуде бұл мерекенің жолы да, жөні де бөлек. Өзіндік құндылығымыз дәріптелетін бұл мейрамда Отанымыздың игілігі, халқымыздың берекесі таси берсін! Әр шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы

Уважаемые железнодорожники!

Поздравляю вас с наступлением светлого праздника Наурыз мейрамы! Этот весенний праздник почитается нашим народом как начало нового года и пробуждения природы.

Наурыз олицетворяет энергию роста и доброго будущего, вселяя в людей оптимизм и надежду на свершение самых светлых и заветных желаний.

Сегодня он, как и прежде, объединяет людей, согревает наши души любовью и радостью, побуждает нас к добру и милосердию. Ведь наша главная ценность – единство народа, благодаря которому Казахстан добивается успехов в социальной и экономической сферах.

В тесном сотрудничестве руководство компании и отраслевой профсоюз на протяжении многих лет стремятся создать для многоотраслевого коллектива железнодорожников благоприятные условия труда и отдыха, дополнительную мотивацию к труду. Ведь от слаженной и четкой работы каждого железнодорожника зависит безопасность движения, сохранность грузов, комфорт пассажиров и работа всего транспортного комплекса в целом.

Дорогие железнодорожники, от всей души желаю каждой семье добра, благополучия и процветания. Пусть великий народный праздник исполнит наши мечты, придаст силы и энергии для новых свершений!

Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель
ОО «КАЗПРОФТРАНС»

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫ
18 млн
ТОННАҒА ДЕЙІН ЖҮКТІ ҚАЙТА
БАҒДАРЛАУҒА ҚАБІЛЕТТІ.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ОРТАЛЫҚ
ТЕМІРЖОЛ МУЗЕЙІНДЕ
800
АСТАМ ЖӘДІГЕР БАР.

БИЫЛ АҒАДЫР
МАШИНАЛАНДЫРЫЛҒАН
ЖОЛ ДИСТАНЦИЯСЫНЫҢ
КҮШІМЕН
50,6 км
ЖОЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТПЕК.

Актуально

БЕЗОПАСНОСТЬ ДИКТУЕТ ПРАВИЛА

С начала года количество нарушений безопасности движения на сети национальной компании снизилось на 8%.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нұр-Сұлтан

В АО «НК «ҚТЖ» в режиме видеоконференции прошло очередное расширенное совещание по вопросам безопасности на железнодорожном транспорте под председательством заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Каната Альмагамбетова. В обсуждении приняли участие руководители региональных подразделений компании.

По словам Каната Альмагамбетова, несмотря на достигнутые позитивные результаты, ряд вопросов требует особого внимания.

В частности, риски связаны с нарушением технологических процессов, с эксплуатацией технических средств и подвижного состава, безопасностью на железнодорожных переездах. Предпосылки для серьезных последствий создают нарушения частных локомотиворе-

монтных и сервисных предприятий. К примеру, наибольшее количество нарушений допущено ремонтными компаниями ТОО «Қамқор Локомотив» и Wabtec (Transportation Global LLC).

Участники совещания предложили применять передовой опыт железнодорожных администраций по повышению контроля качества ремонта подвижного состава. Кроме того, они отметили необходимость усиления совместной работы с представителями дорожной полиции, акиматов, дорожных автотранспортных предприятий и других причастных служб по профилактике нарушений на железнодорожных переездах.

По итогам совещания всем структурным подразделениям даны рекомендации по автоматизации процессов, влияющих на состояние безопасности движения, в рамках программы трансформации АО «НК «ҚТЖ».



Нурлан ИГЕМБАЕВ,
руководитель
АО «КТЖ Express»:

«**КТЖ EXPRESS ПРЕДЛАГАЕТ СВОИМ КЛИЕНТАМ ОПТИМАЛЬНЫЕ РЕШЕНИЯ ПО ПРОЕКТНОЙ ЛОГИСТИКЕ. К ПРИМЕРУ, СЕРВИС ПО МАРШРУТУ ЛАНЬЧЖОУ – КАРАГАНДА УЖЕ СТАЛ РЕГУЛЯРНЫМ. И В НАШИХ ПЛАНАХ СИСТЕМАТИЗИРОВАТЬ ПОСТАВКИ ПРОЕКТНЫХ НЕГАБАРИТНЫХ ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ ДАННЫЙ МАРШРУТ**»

ДЕРЕКТІ ФИЛЬМНІҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Алаш қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді теміржолшы-инженер Мұхаметжан Тынышпаев туралы деректі фильм жарыққа шықты.

Меруерт ЕСЕНБЕК,
Нұр-Сұлтан

Алматыдағы Жол қатынастары университетінде фильмнің тұсаукесер рәсімі өтті. Алматы әкімдігінің демеушілігімен түсірілген фильмнің сценарийін жазған драматург Ерсайын Төлеубай, қоюшы режиссер Жаңабек Жетіру, кеңесшісі Тынышпаев қорының президенті, алаш қайраткерінің

жиен немересі Нұршакен Жүнісқызы. Бір сағаттық деректі фильм М.Тынышпаев туған Талдықорған өңірінде түсірілген. Фильмде бала Мұхаметжанның есейіп ер жеткен, одан патшалық Петербургтің теміржол институтын бітіріп елге келген, Жетісу және Түркістан теміржолдарының құрылысын жобалаған, қатысқан кезінен халық жауы ретінде қуғынға ұшырап, айдауда жүрген жылдары тарихи дерек, дәйектермен суреттеледі. Тынышпа-

евтың ұлы Шейх-Али мен немересі Асқардың естеліктері фильм мазмұнын аша түседі. КҰПС қабырғасында өткен фильмнің тұсаукесеріне білім ордасының ректоры, кезінде Тынышпаевпен бірге қызмет атқарған, Түркістің инженері Жұмағали Омаровтың ұлы Амангелді Омаров бастаған ұстаздар мен студенттер, алаш қайраткерінің өмірі мен қайраткерлігі тақырыбында кандидаттық және докторлық диссертация қорғаған ғалым Гүлбану Жүгенбаева, Тынышпаев қорының президенті және фильмнің режиссері мен актерлар қатысты.

Деректі фильмді тамашалаған көпшілік бұл алаш тарихын тануға қосылған қомақты үлес деп жоғары бағалады.




КӨКТЕМ – ТАЗАЛЫҚ АЙЫ

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,
Қызылорда

экология

Алты ай қыстан кейін табиғат-ананың тоңы жібіп, тіршілік жанданып, жасарып-жаңғыруы жүретін көктемнің алғашқы айы туды. Теміржолшылар үшін дәстүрге айналған тазалық айы басталды.



Қазақстан темір жолы бойындағы станция-бекеттерде кең ауқымда тазалық жұмыстары жүргізілуде. Теміржолшылар айналаны қыс бойы жатқан күл-қоқыстан тазартып, ағаштардың түбін қопсытып, ақтап, жаңадан тал-дарақтар отырғызуда.

Сыр елінің теміржолшылары биыл 15 наурызды табиғатпен үндестік күні деп жариялап, жалпы тазалық жұмыстарына ұластырды. Қызылорда теміржол вокзалында, Қызылорда электрмен жабдықтау және Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының шеберханаларында басталған жұмыстар Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Шиелі өрт сөндіру пойызында жалғасты. Ауысымдағы өрт сөндірушілер аулада өсіп тұрған ағаштардың түбін қопсытып, ақтап, тыңайтқыштар төгіп, кей жерлерге жаңадан ағаш көшеттерін екті. Ал сәуір-мамыр айларында гүл отырғызу жұмыстары басталады.

Жалпы, бөлімшенің оңтүстігіндегі станцияларда көктемнің лебі алғаш сезіледі. Қылтып көрінген көк жылылықтың, көктемнің хабаршысындай болатыны рас. Биылғы қыс жұмсақтық танытты, содан болса керек, аймаққа көктем ерте келді. Сондықтан, наурыздың он төртінен бастап жыл қайыра бастайтын сыр халқы биыл да білек сыбана шаруасын қамдауға кірісіп кетті.

Суретті түсірген автор

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ АЙНАЛДЫРМАҚ

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент

экология

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөз бар. Расымен де саялы ағаш егіп, ұрпаққа мирас болатын бұл дәстүр өз өміршендігін жойған емес. Көктем ерте келетін оңтүстік өңірде көгалдандыру жұмыстары жүріп жатыр.



Шымкент жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты ТЧЭ-32 – Арыс локомотив пайдалану депосының ұжымы алда келе жатқан Ұлыстың ұлы күні наурыз құрметіне жаппай көшет отырғызды.

Айта кетейік, аталған іс-шара онкүндік наурызды мерекелеуге байланысты өткізілді. Яғни «Жайлау күні» аясында арыстық теміржолшылар мекеме ауласын тазартып, жасыл желекпен көмкерді.

«Бұған дейін отырғызған көшеттеріміз жайқалып өсіп қалды. Жерсіндірілген ағаштарды күтіп-баптау да жауапты жұмыс. Жасыл желек – жан азығы, қоршаған органы аялауға үйретеді және таза ауа береді. Сондықтан былтырдан бастап әр мекеме өз ауласын көгертіп, бүкіл Арыс қаласын жасыл желекке айналдыруды көздеп отырмыз», – дейді арыстық локомотившілер.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ ТЕЛІМДЕРІ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

– Бөлімшеде жол қауіпсіздігі мен еңбек қорғауға айрықша мән беріліп отыр. Исатай-Ақсарай учаскесінің Ганюшкино-рзд. №7-де бөлек пункт ашылғалы бері телімде тәулігіне 24-тен 28 жұпқа дейін пойыз өткізу қабілетіне жетті. Атыраудың мұнайлы аймақ болуына байланысты мұнай және мұнай өнімдерін жіберушілер негізінен «Теңізшевройл», «Батыстрансгруп», «Парк хранения сжиженного газа», «Тенгизская Транспортная Компания» сынды компаниялар. Сондай-ақ өлкедегі Қарабатан елді мекенінде газ өңдейтін үлкен зауыт құрылысы салынып жатқандығына орай, көптеген мекемелермен, соның ішінде «АМӨЗ» ЖШС, «Теміржол Құрылыс Атырау» сынды кәсіпорындарда вагондарды эстакадаға жеткізу үшін жолдарды ұзарту бағытында ұсыныстар енгізіліп, іске асуда. Жүк тасымалы өткен 2 айда 100 пайызға орындалды.

– Бөлімшеде өткен жылдың қорытындысы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін

бұзушылық орын алған жоқ. Әрине, ең бірінші жол сапасына басымдық беріледі. Қазіргі уақытта жолдың балдық көрсеткіш жоспары 70 балл болса, орындалуы 55 балды құрады, яғни жол күтімі 15 балдық көрсеткішке жақсартылды. Бөлімше бойынша былтырғы жылы 55,53 шақырым жол күрделі жөндеуден өткізілді. Мұндағы жол аралықтарының ескі темір жолы түгел алынып, орнына жаңа темірбетонды шпалдармен, түйіспесіз жолдар салынды. Бұл дегеніміз болтқа, қапсырмаға, ағаш шпалдарға деген шығынды азайтады. Қазірде жолаушылар пойызының жылдамдығы 60 км/сағ – 120 км/сағатқа, жүк тасымалы пойызының жылдамдығы 50 км/сағаттан 100 км/сағатқа артты, – дейді бас инженер Б.Қартан.

– Өткен жылдары Атырау – Мақат аралығында 24,7 км, Исатай – Д.Нүрпейісова аралығында 24,3 км жол жаңа материалдармен күрделі жөндеуден өтіп, сол



арқылы учаскелерде жүк қозғалысының жылдамдығы 70-тен 90 км/сағатқа, жолаушы пойызы қозғалысының жылдамдығы 80-нен 100 км/сағатқа артты. Жүк айналымы көлемін 5 пайызға өсіру арқылы еңбек өнімділігін арттыру, электр энергиясын үнемдеу, қозғалыс құрамын тиімді пайдалану, пойыздардың салмағы мен ұзындығын арттыру арқылы локомотив-сағаттарды қысқарту, жол шаруашылығында озық механизмдерді пайдалану сынды жұмыстар табысты жүргізіліп келеді. Бірақ, тепло-воздарды шұғыл тежеу мен мал

басу саны азаймай отыр, өйткені темір жол бойында иесіз жүрген мал көп. Бөлімше бойынша өткен жылы 100-ге жуық мал басу оқиғасы, ал локомотивті шұғыл тежеудің екі жүзден астам жағдайы тіркелген. 2021 жылы қараусыз малдың теміржолға шығып кетпеуі үшін Атырау және Құлсары жол дистанциялары 100 шақырым көлемінде қоршау салып, ол жұмыс желтоқсан айына дейін жалғасты. Бұл бағыттағы жұмыстар, жалпы жол табанын сауықтыру биыл да жалғасатын болады.

Суретті түсірген автор

БАҒЫТТАМАЛЫҚ БҰРМАЛАР АУЫСТЫРЫЛДЫ



ТОЛАСКЕЗ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Талап станциясы

Бөлімшенің оңтүстігіндегі Талап станциясында өткен толаскез жұмысын Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы бастығының орынбасары Аянбек Бостанбекұлы мен телім басшысы Мақсұт Өмірзақов басқарды.

Станцияның басты жолындағы №6-8 бағыттамалық бұрмаларды Альстом құрылысымен ауыстыру барысында технологиялық талаптарға сәйкес өлшемдердің дәл, нақты, сенімді түрде алынып бекітілуі басты назарда ұсталды.

– Бағыттамалық бұрманы ауыстыру жұмыстары белгіленген кесте жоспары бойынша жүргізілуде. Жылжымалы құрамдардың қозғалысына жауапты мамандардың толаскезге рұқсат берген уақытын тиімді пайдалану үшін алдын ала дайындық жасап алдық. Мұнда бағыттамалық бұрмаға пойыз қарсы бағытта келе жатқанда қажетті жолға бұрылу үшін пайдалану ережесіне сай бұрма



үшкірінің рельске жанасатын ұшы мен рельс арасындағы аралық 2-4 мм өлшемінде болуы шарт саналады. Сондықтан телім басшысы Мақсұт Өмірзақовтың басшылығымен аға электромеханик Бақытжан Рзаев, электромеханик Бауыржан Асқаров өлшем жұмыстарын жасап, бақылаудан өткізді. Жалпы толаскезге берілген уақыт ішінде

барлық жоспарлы жұмыс толық игерілді, – деді дистанция бастығының орынбасары Аянбек Бостанбекұлы.

Көктемнің келуімен аймақта жол шаруашылығын сауықтыру жұмыстары алдағы уақытта да жоспарға сай қарқынды жүргізілмек.

Суретті түсірген автор

ҚАУІП-ҚАТЕР ТАБАН АСТЫНДА...



АКЦИЯ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Шара барысында тәртіп сақшылары теміржолшылармен бірлесіп арнайы жұмыс штабын құрған болатын. Оған қоғамдық қауіпсіздік және басқа да қызметтер бойынша 18 қызметкер жұмылдырылды.

Акцияның негізгі мақсаты – пойыздардың адамдарды басып кету фактілерінің алдын алу, сондай-ақ балаларды теміржол бойындағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелеріне дағдыландыру.

Іс-шара кезеңінде желі бойына жақын орналасқан елді мекендердегі тұрғындармен үш мәрте кездесу, әңгімелесулер, теміржол вокзалының қызметкерлерімен екі рет құқықтық түсіндіру шаралары өткізілді. Оның сыртында

теміржолға жақын орналасқан оқу орындарында да қауіпсіздік тақырыбында арнайы сабақтар өтті. Сонымен қатар, түсіндіру-кеңестік көмек көрсету мақсатында жолаушылар пойыздарында да жиындар өтіп, жолаушылармен кездесулер ұйымдастырылды. Арнайы буклеттер мен ескертпелер үлестірілді.

Бір бұл емес, акция аясында тәртіп сақшылары ЭТЖК Семей филиалы қызметкерлерімен қала ішіндегі желі бойында бірлесіп рейдтер де өткізді. Теміржолдың рұқсат етілмеген жерінен кесіп өткен балалармен олардың ата-аналарының қатысуымен әңгімелесулер де өтті.

– Жалпы, шара барысында желілік полиция қызметкерлері 61 әртүрлі әкімшілік құқықбұзушылықтарды анықта-



ды. Соның ішінде теміржолдың белгіленбеген жерінен кесіп өту бойынша 43 адам айыпты болып табылды, – дейді Семей

станциясындағы ЖПБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы Рүстем Әбеуов.

Суретті түсірген автор

Навстречу Наурызу



ПРАЗДНИК ВЕСНЫ И ДОБРА

В преддверии главного праздника весны символизирующего обновление природы, казахстанцы традиционно желают друг другу добра, мира и процветания. Поэтому неудивительно, что железнодорожники присоединились к десятидневному марафону празднования Наурыз мейрамы.

В рамках проведения Дня добрых дел молодежный совет филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» совместно с сотрудниками филиала АО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» организовал благотворительную ярмарку.

На первом этаже административного здания разместились столы со свежей выпечкой и различными блюдами, средства от продажи которых пойдут на поддержку жителя Кокшетау Эсхаджи Кадырова, который живет в автомобиле вместе со страдающим эпилепсией сыном.

– Чебуреки, булочки, пироги, кондитерские изделия – это только небольшая часть ассортимента, который был представлен на ярмарке. Чтобы отведать эти угощения, гостям необходимо было купить специальный купон номиналом от 500 тенге и положить его в специальный ящик. Кроме того, молодежным советом было принято решение предоставить семье санаторную путевку в Щучинско-Боровской курортной зоне, – рассказывает инженер по гражданской, антитеррористической защите и ЧС филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Мадина Жуматаева.

Эстафету добра подхватили и остальные регионы. Так, молодые железнодорожники-волонтеры станции Нура Карагандинского региона под руководством начальника Мади Абенова навестили бывших работников станции



Екатерину Обивочную, Тамару Восколович, Тамару Морозову и Антонину Зеблинскую. Трудовая деятельность этих женщин совпала с периодом возведения железнодорожной линии Акмолинск – Караганда. В то время все силы были брошены на освоение ресурсов Центрального Казахстана, страна остро нуждалась в квалифицированных кадрах – профессионалах своего дела. И этот список пополнили труженицы станции Нура, внесшие весомую лепту в ее развитие и процветание.

– Для женщин наш приезд стал приятной неожиданностью. Мы решили порадовать их подарками и цветами, – рассказывает Мади Абенов.

В преддверии праздника Наурыз представители железнодорожных структур стараются оказывать благотворительную помощь тем, кто в этом нуждается – многодетным матерям, людям с ограниченными физическими возможностями, одиноким пенсионерам, детям-сиротам. И это

важно делать не для галочки, а от души.

В целом, в эти дни в рамках проведения Дня истории железнодорожных музеев АО «НК «КТЖ» посетили более 300 детей в разных городах Казахстана. Юные исследователи познакомились с настоящим, прошлым и будущим железнодорожного транспорта, узнали все от первых паровозов до современной техники и технологий.

Так, в течение двух дней более 180 учащихся частной школы ознакомились с экспонатами музея железнодорожного транспорта Алматы. Здесь они смогли увидеть архивные фотографии и документы, значки железнодорожной тематики, модели локомотивов и вагонов.

Все экспозиции в музее по-своему уникальны. Впечатляет зал Великого Шелкового пути и зал, посвященный Турксибу. Но гордостью музея являются экспозиции, посвященные воинам Великой Отечественной войны и участникам трудового фронта.

В эти дни стены музея железнодорожного транспорта города Актобе также посетили две группы детей кружка «Жас туристер станциясы». Учеников разных школ города в возрасте 10-14 лет ознакомили с историей возникновения и развития железной дороги в Западном Казахстане. Ребята с интересом рассматривали фотографии и личные вещи почетных работников магистрали, их грамоты и дипломы, макеты железнодорожных сооружений. Дети были очень рады и подаркам с символикой железной дороги.

Распахнул свои двери для детей и столичный музей КТЖ. Менеджер ОО «Казпрофтранс» Акмарал Молдашева подробно ознакомила юных гостей с экспонатами музея и очень интересно рассказала об истории железной дороги Казахстана.




Как дети, так и их родители отметили, что это больше чем музей, это – настоящее связующее звено между поколениями, дающее полное погружение в историю железной дороги. Даже самые маленькие посетители старались запомнить интересные цифры и даты. По окончании экскурсии Акмарал Молдашева провела мини-викторину, и дети наперебой правильно давали ответы. К примеру, о том, что годом основания железнодорожного транспорта в Казахстане стал 1904-й, когда началось строительство Оренбург-Ташкентской железной дороги протяженностью 1 668 километров.

Ознакомились дети и с разными железнодорожными профессиями, узнали об их важности, значимости и престиже. По признанию ребят, в музее действительно начинаешь слышать стук колес и ощущать себя путешественником или железнодорожником.

В рамках проведения Дня добрых дел железнодорожники совместно проводят социальные и благотворительные мероприятия, главная идея которых – добро и поддержка ближнего.

*Айлин БАУРЖАН, Кокшетау
Светлана МОГАЙ, Караганда
Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Асель ШАЙХЫНОВА, Нур-Султан
Фото Александра ЖАБЧУКА*

В РЕЖИМЕ «НОН-СТОП»



Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» провел онлайн-конференцию на тему «Развитие контейнерных перевозок» для студентов и преподавателей транспортных вузов страны. В конференции приняли участие более 100 участников из 14 учебных заведений Казахстана.


Руслан РАХМЕТОВ,
Нур-Султан

Прямая трансляция конференции велась на страничке Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» в фейсбуке. Встреча вызвала большой интерес у будущих логистов.

Надо отметить, это не первая встреча, организованная союзом. В прошлом году было проведено несколько таких конференций, в ходе которых их участники «из первых уст» могли узнать о новостях в сфере логистики, задать интересующие вопросы экспертам отрасли.

Генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов рассказал о типах контейнеров, преимуществах перевозок в них и, главное, об итогах транзита за 2021 год.

По его словам, несмотря на глобальную пандемию и введение



карантинных мер, объем транзитных контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай в прошлом году составил 732 тысячи ДФЭ.

В свою очередь, главный инженер АО «КТЖ Express» Серик Тобебаев рассказал о контейнерном транзите через Казахстан, географии поставок и построении новых логистических маршрутов для доставки казахстанских товаров на экспорт.

Неподдельный интерес у участников конференции вызвала и тема развития Транскаспийского

транспортного маршрута через Казахстан. О преимуществах транспортировки грузов через Middle Corridor подробно рассказал генеральный секретарь Международной ассоциации «Транскаспийский международный транспортный маршрут» (ТМТМ) Гайдар Абдикеримов.

На сегодня по ТМТМ существует возможность перевозки до 10 миллионов тонн грузов в год, в том числе до 200 тысяч контейнеров.

К слову, в связи со сложившейся ситуацией вокруг Украины и возникающими из-за этого логистическими трудностями, казахстанским экспортерам предложено использовать альтернативную возможность отправки грузов через казахстанские морские порты и далее по Транскаспийскому международному транспортному маршруту.

О роли порта Актау в продвижении контейнерных перевозок

в регионе Каспийского моря участников конференции познакомил начальник отдела транспортной логистики АО «НК «Актауский морской торговый порт» Кайрат Калиола.

– В целом, пропускная способность порта Актау – 14,7 миллиона тонн грузов. Вместе с тем, в настоящий момент имеется возможность переориентации на морские порты Казахстана до 18 миллионов тонн грузов. Также порт Актау имеет возможность единовременного хранения до 2,5 тысячи контейнеров, 25 тысяч тонн зерна, 220 тысяч генеральных грузов.

Конференция вызвала живой интерес у будущих специалистов транспортной отрасли. Необходимо отметить, что молодежная политика является одной из приоритетных в деятельности KAZLOGISTICS.

Ежегодно вот уже 8 лет подряд проводится Молодежный форум транспортников «KAZLOGISTICS», который способствует вовлечению будущих специалистов транспортной отрасли в процесс формирования и ознакомления с достижениями транспортно-логистической отрасли, а также оценивает уровень знаний, умений и навыков студентов транспортных вузов.

Фото автора



ПЕРСОНАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область



БЕЗОПАСНОСТЬ

В Матайском эксплуатационном локомотивном депо ежедневно ведется контроль над своевременной отцепкой локомотивов на плановые виды сервисного обслуживания, не допуская межремонтных перепробегов.

Более того, на технических занятиях и планерных совещаниях с локомотивными бригадами прорабатываются все обстоятельства проездов запрещающих сигналов, сходов, столкновений, допущенных ранее, и их причин.

Техническая учеба поставлена на должный уровень, проводятся технические занятия с локомотивными бригадами, инженерами по расшифровке, дежурными с проведением проверок и опросом по пройденным темам. Также установлен ежедневный контроль над своевременной отправкой информации по рапортам машинистов тепловоза. На планерных совещаниях с локомотивными бригадами прорабатываются все случаи наездов на людей, автотранспорт, скот, посторонние предметы.

Так, за 2 месяца текущего года от машинистов Матайского эксплуатационного локомотивного депо отправлено 354 рапорта, из которых 269 приходится на хозяйство дистанции сигнализации и связи.

По данным расшифровки скоростемерных лент, за два месяца допущено 4 случая нарушений против 9 аналогичного периода прошлого года.

Локомотивными бригадами ТЧЭ-26 применено 13 экстренных торможений по недопущению наездов. В том числе на людей – 2, на скот – 11.

Матайские локомотивщики бьют тревогу из-за частого появления на железнодорожных путях домашнего скота. Как правило, подобные инциденты приводят к тяжелым последствиям и являются результатом недобросовестного отношения к общепринятым нормам фермерских хозяйств и частных владельцев. Участки Уштобе – Курушдаласы, Коксу – Бижэе и Кокс – Калье считаются проблематичными из-за часто происходящих случаев наезда на безнадзорный скот.

В локомотивном депо разработан комплекс мер, предусматривающих всемерное повышение требовательности к работникам на всех уровнях управления за выполнением обязанностей в сфере обеспечения безопасности. Особая роль отводится машинистам-инструкторам в плане индивидуальной работы с локомотивными бригадами, где детально прорабатываются допущенные нарушения, а также анализируются случаи событий, инцидентов, срывов эксплуатационной работы.

– Обеспечение безопасности движения – это не призыв одного дня, а постоянная и кропотливая работа, требующая максимальной отдачи от рядовых исполнителей до руководителей предприятий, максимальное привлечение к решению вопросов безопасности всех специалистов, – говорит ревизор по безопасности локомотивного хозяйства Алматинского отделения грузовых перевозок Айдын Увалиев.

Фото автора

СВОЕВРЕМЕННО И ВОСТРЕБОВАННО



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



СЕМИНАР

В филиале АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» состоялся семинар на тему «Гражданская защита и антитеррористическая безопасность на железнодорожном транспорте».

На повестку дня перед железнодорожниками был вынесен вопрос реализации плана мероприятий по противодействию экстремизму и терроризму. Участники, а это работники ответственные за антитеррористическую деятельность Костанайского отделения грузовых перевозок, Костанайского отделения магистральной сети, структурных подразделений и организаций железнодорожного транспорта региона узнали, какие меры необходимо принять для обеспечения безопасности населения и минимизации возможных последствий террористического акта.

Так, представители профильных ведомств подчеркнули особую важность и актуальность гражданской защиты и антитеррористической безопасности на железнодорожном транспорте. Для более полного восприятия был организован просмотр видеофильмов, слайдов на данную тему. После ознакомительно-образовательной части участники семинара обсудили вопросы технической оснащенности объектов, подтвержденных террористической опасности. Для всех тридцати участников семинара, по их признанию, данное мероприятие оказалось очень полезным, востребованным и познавательным.

Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесі Сексеуіл локомотив пайдалану депосының ұжымы мен зейнеткерлер қауымы Сексеуіл локомотив депосында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек еткен даңқты машинист, Еңбек Қызыл Ту және Ленин ордендерінің иегері, Құрметті теміржолшы, Арал ауданының құрметті азаматы **Бектұрғанов Бөлекбай Сүйенішәліұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

КӨРІСУ – АТА ДӘСТҮРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын әзірлеп, көктем мерекесінің мазмұнын байытуды тапсырған. Ол 14 наурыздағы Көрісу күнінен бастау алады.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Көрісу – Батыс өңірде кең таралған дәстүр. 14 наурызда жаңа ай туды, көктем келді деп есептеледі. Халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен қол алысып, құшақ айқастырып көріседі. Биыл да Атырау өлкесінде кеңінен аталып өткен мерекеден теміржолшылар да тыс қалмады. Жұмыс аптасының алғашқы күнін көрісуден бастады. Атырау жүк

тасымалы және магистральдық желі бөлімшесі кәсіподақ комитетімен бірлесе көрісу салтын ұйымдастырды. Жұмыс аптасы басталар шақтағы таңғы 8-де дастархан жайылып, қымыз бен шұбат, бадана бауырсақ, сүзбе мен жент, т.б. тәттілер қойылды. Ұлттық киім киген қыз-жігіттер келушілерге дәм ұсынып, қызмет етті. Қызметкерлер, жол бойындағы бекеттерден келген жұмысшылар бір-бірімен көрісіп, мәре-сәре болысты. Үлкендер жағы «Көрісу салты



құтты болсын, жыл басымен!», «Бақытты болындар!», «Өркенің өссін!», «Жылдан жылға аман жетейік!» деп баталарын берді. Желі бойындағы теміржолшылар да бұл мерекеден қалыс қалған жоқ. Аққыстау, Дина

Нұрпейісова, Атырау, т.б. станция теміржолшылары бір-бірімен қол алысып, төс қағыстырып көрісіп, мәре-сәре болысты. Жастар ән салып, терме айтып, халықтың көңілін көтерді.

Суретті түсірген автор

АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ...



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау халқы ежелден **Амал келді** – жыл келді деп, 14 наурыз күнін ерекше атап өтеді. **Көптен көрмеген ағайын туған көрісіп, мәре-сәре болады. Жастар үлкендерге сый-сияпатымен көрісе барып, батасын алады. Адамдар өкпе-назды ұмытып, бір-бірімен төс қағыстырып, қайта арасын жақындатады.**



Бұл дәстүрді түбек теміржолшылары да жылда жалғастырып

келеді. Биыл да өңірдегі теміржол мекемелерінің қай-қайсысына

бас сұқсаңыз, қамзол-кәжекей киіп құлпырған қыз-келіншектер мен көрінісі баяғының батырлары мен ақсақалын еске салатын ер азаматтардың ұлттық киімдегі келбетіне қарап көз тояды.

Маңғыстау бөлімшесінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов пен Орталық теміржолшылар кәсіби одағының өңірдегі өкілі Әзірбай Тұрмағанбетов көпшілікті қыстан аман шығып, көктеммен қауыштырған Амал мерекесімен құттықтады. Жиналғандар ұлттық дәм, бауырсақ, ағарған қойылған дастарханнан ауыз тиип, ел аман, жұрт тыныш болсын деп тілек тіледі.

Суретті түсірген автор

ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ – ТӘРБИЕ КӨЗІ

Биылғы Наурыз мерекесі шығыстағы теміржолшылар үшін ерекше леппен өтуде. Әсіресе, зейнетке шықса да қоғамдық қызметтен қол үзбей жүрген ардагер теміржолшылардың белсенділігі жоғары болып тұр.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бүгінде ақ кимешекті әже атанған бірқатар теміржолшылар жас буынды ұлттық салт-дәстүрге баулу, көпшілік арасында қазақтың ежелгі әдет-ғұрып түрлерін насихаттау бойынша тағылымды жұмыстар жүргізіп жүр. Салалық ардагерлер қауымы қаладағы түрлі ұйымдар, бірлестіктермен қосылып, түрлі іс-шараларға



ұйытқы болуда. Мәселен, қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттайтын орталықтармен бірлесіп, түрлі қоғамдық шаралар ұйымдастыруда. Соның ішінде жас буын арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша біршама жұмыс жасалған. Мәселен, осыған дейін қала көлемінде «Қымызмұрындық», «Ақ орамал»,

«Бауырсақ» сынды шаралар өткізілген болатын. Міне, осы ауқымды жұмыстардың қатарында биылғы жылы Наурызды мерекелеуге арналған түрлі тағылымды басқосуларға да ұйытқы болды.

Дәстүрлі «әжелер мектебінің» бүгінгі өкілдері арасында ұзақ жылдар бойы Семей вокзалының бастығы болған, қала бойынша қоғам белсендісі Нағима Мойынбаева, теміржол саласының ардагері Бижамал Қалиқызы, бұрма бағыттаушысы болған Тұрсынғайша Багенова, байырғы вагон шаруашылығының бүгінгі ардагері Күләш Құдайбердіқызы сынды ардагерлер қауымы бар.

– Қазіргі күндері қала жастарымен қатар теміржолшылар арасында ұлттық құндылықтарды үзбей насихаттап жүр. Күні кешегі ата-бабалар мұрасы бүгінгі таңда ұмыт қалмаса екен деп тілейміз. Салт-дәстүрге берік, ұлттық әдет-ғұрыпты жақсы білетін, құрметтейтін ұл мен қыз тәрбиелеу – бүгінгі әжелер мектебінің басты мұраты, – дейді Семей ЖТ бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Асхат Жармұхамбетов.

Суретті түсірген автор

ЖЕҢІМПАЗ КОМАНДА



Наурыз мерекесі құрметіне Маңғыстаудың Болашақ станциясында шағын футболдан жарыс өтті. Ауыл әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен спорттық сайысқа бес команда қатысты.



Айсұлтан АРМАН,
Болашақ станциясы

Ауыл құрамалары өзара тартысты ойын көрсетті. Ақтық сында бас жүлде үшін Болашақ станциясының теміржолшылары мен ІШЧ мекемесінің бірінші командасы суырылып алға шықты. Байланысшы жігіттерден үстем шыққан станциялықтардың бағы жанып, ақыры жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орын байланысшыларға тиесілі болса, үшінші орынды станцияның екінші топтағы ойыншылары алды. Айта кетейік, ойынға Белгі беру-байланыс дистанциясынан екі команда қатысты.

– Жеңімпаздарға әкімдік тарапынан ақшалай сыйлық пен диплом табысталды. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына



байланысты ауылымызда тағы да ұлттық ойындардан түрлі сайыстар өткізіледі. Оған да біздің теміржолшылар белсенді қатысқалы отыр, – дейді командасын жеңіске бастаған топ басшысы, Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков.

Суретті түсірген автор

ЛУЧШЕ РЫБАЛКИ – ТОЛЬКО РЫБАЛКА



Ольга СТЕБЛЯНКО,
Оскемен

Местом для столь излюбленного мужчинами занятия как рыбалка, выбрали Дубыгалинское озеро, именуемое в народе «Окуньки». Работники Семейского отделения грузовых перевозок, вагонники и локомотивщики облачились в теплые куртки, брюки – все-таки находиться несколько часов на льду – это серьезное испытание. К ним присоединились и бывшие железнодорожники, много лет отдавшие стальной магистрали. Это бывший заместитель начальника Защитинского отделения дороги Каримбек Сагидулин, работник станции Риддер Адилет Тельяраев, пенсионер машинист тепловоза Виктор Дерябин.

День был пасмурным, но теплым. Председатель первичной профсоюзной организации по узлу Станция Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов объявил условия соревнований

Турнир по зимней рыбалке среди железнодорожников провела первичная профсоюзная организация по узлу станция Оскемен-1. Соревнования собрали более 20 человек и посвящались предстоящему празднованию Наурыза и 30-летию ОО «Казпрофтранс».



Фото автора

и номинации. Это «Первая рыба», «Самая большая рыба», «Самый большой улов – 1-е, 2-е, 3-е места». Но на этом испытания участников турнира не заканчивались. Нужно было после лова пробежать стометровку со всей рыбацкой амуницией, на время пробурить две лунки, при этом солтинина льда составлять 70-80 сантиметров! В общем, нелегкие задания. Конечно, не каждый сможет их выполнить, но железнодорожникам не привыкать справляться с трудностями.

– Мы рады участвовать в турнире. Это приятное и полезное времяпрепровождение, – говорит осмотрищик-ремонтник вагонов ППО станции Шемонаиха Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Денис Корнев. – На такие мероприятия выезжать для нас, шемонаихинцев, далекоовато – дорога в один конец занимает два с половиной часа. Но побывать на этом водоеме интересно.

По словам начальника станции Иртышский завод Ержана Мурум-

баева, турнир позволяет порыбачить и отдохнуть, пообщаться в неформальной обстановке.

Когда участники турнира вернулись на берег, их уловы взвесили (для точности определения победителей), потом провели забег на 100 метров с полным снаряжением и соревнования по скоростному бурению лунок.

Как рассказал инструктор по спорту ФСК «Локомотив» Олег Кушкуннов, первое место по бурению занял Думан Мустафин из Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо. Победителем стометровки стал работник этого же предприятия Куанбай Жумахан, а начальник станции Иртышский завод Ержан Мурумбаев поймал самую первую рыбу и стал победителем в данной номинации. В номинации «Самый большой улов» первое место занял Ренат Исаканов со станции Оскемен-1, второе – Денис Корнев, третье – Антон Бычков. Оба работают в ВЧД-24 ППО Шемонаиха.

В завершение турнира всех ждал вкусный обед от профсоюза. Пока рыболовы-железнодорожники соревновались, представители профкома приготовили для них плов на костре и горячий чай.

Также мероприятия, действительно, сближают и остаются в памяти надолго.

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 25 марта 2022 года.

РАСЦВЕТАЙ, МОЙ КАЗАХСТАН!

Егор Жернов и Павел Крюков – работники Алматинского эксплуатационного локомотивного депо – прекрасно владеют казахским языком, а Наурыз мейрамы считают одним из лучших праздников, потому что он излучает энергию добра, тепло сердец, милосердие и трепет весны.



Егор Жернов работает машинистом-инструктором в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо, а пристрастие к казахскому языку у него появилось еще с детства. Уроженец станции Шу, он каждое лето проводил в казахском ауле, где с мальчишками сошелся очень быстро. Ведь поначалу сверстникам приходилось объясняться практически «на пальцах», но языковой барьер не был преградой для дружбы. Когда пошел в школу, уже прекрасно владел как русским, так и казахским языком. С тех пор у Егора по казахскому языку были одни пятерки, и даже родители иногда замечали, что он чаще говорит на казахском языке, нежели на русском. По его мнению, знание языка очень помогает в работе. В профессиональной деятельности приходится часто бывать на полустанках, разъездах, общаться с людьми. А как общаться, если ты не говоришь на их языке? Любопытный гражданин должен знать язык той страны, в которой живет. И неудивительно, что в депо коллеги называют Егора ласково Ергали.

– Лично для меня знание языка – это способ выразить уважение к народу, к земле, на которой я вырос, – отмечает Егор.

Машинист грузового движения Павел Крюков так же, как и его коллега, свободно

общается на казахском языке, применяя при этом известные пословицы и поговорки. Молодой человек считает, что знать язык совершенно не сложно, нужно только иметь желание. И это прекрасная возможность практиковать его хоть каждый день в общении с окружающими людьми.

А еще он ведущий всех массовых мероприятий в депо, музыкально одаренный человек. Надо сказать, что творчество и работа тесно переплетаются в его жизни. Видимо, сказывается то, что Павел год учился в Барнауле на факультете актерского мастерства, но впоследствии предпочтение отдал железной дороге. Он играет на фортепиано, занимается вокалом. Признался, что учится играть на домбре.

Наурыз мейрамы в депо всегда отмечают с размахом, и во всех праздничных мероприятиях Павлу отводится ведущая роль.

– Это самый красивый праздник, с глубокими корнями, праздник единства и благополучия, дарующий процветание. Наурыз берет свое начало из глубин тысячелетней истории Великой Степи. Он – отображение жизни народа, сердцевина высокого духа, национальной культуры и искусства. И мы этот праздник очень любим, – говорит Павел.

Елена КОЛДАСБАЕВА
Алматы



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубайаев 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.